



ӘОЖ 94(574)
FTAXP 03.01.09
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.102(2).18

¹Д.И.Салқынбек, ²Г.К. Шуланбекова*, ³Б.Ж. Қабдушев

¹Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан

²Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

³Г.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті
Алматы, Қазақстан

*Автор-корреспондент: gul.aidana@mail.ru

E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru, gul.aidana@mail.ru, b.kabdushev@au.es.kz

НЫҒМЕТ СЫРҒАБЕКОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ ХАҢЫНДА

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанда кеңестік билік орнағанда өзінің әлеуметтік шыққан тегіне байланысты ол өкіметті қолдап, оның орнығуы, күшеюі жолында үлкен қызмет атқарған қайраткер Нығмет Сырғабековтың қоғамдық-саяси қызметі қарастырылған. Нығмет Сырғабековтың қоғамдық-саяси қызметінің үлкен бір белесті кезеңі Әділет халық комиссариатында әртүрлі жауапты қызметтерді атқарып, кеңестік жүйедегі заңдық органның қалыптасып, қызметін жандандырудағы ерен еңбегі еді. Ақмола губерниялық соты төрағасының орынбасары, Жетісу губерниялық сотының төрағасы болды. Ал, 1929 жылы РКФСР Жоғарғы соты Қазақ бөлімінің төрағасы қызметіне дейін көтерілді.

Десекте, Нығмет Сырғабековтың қоғамдық-саяси қызметі қарама-қайшылықты. Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшылығына Ф.Голощекиннің келуімен ол жүргізген саясат Нығмет Сырғабековтің де саяси көзқарасына біршама әсер етті деп айтуымызға болады. Ол, Голощекиндік ұлт зиялыларын қудалау, ауыл шаруашылығында жүргізілген ұжымдастыру, жаппай отырықшылыққа көшу наухандарын қолдаған қазақ қайраткерлерінің бірі болды. Нығмет Сырғабековтың қилы кезеңдегі қоғамдық-саяси қызметін саралай отырып, оны объективті бағалау, біржақты сипат беруден арылу зерттеу тақырыбының басты мақсаты болып табылады.

Кілт сөздер: Әділет халық комиссариаты, қайраткер, Жоғарғы сот, Нарком, отырықшылық, саяси қуғын-сүргін.

Kipicne

Биылғы жылы мемлекет қайраткері Нығметолла Сырғабекұлы Сырғабековтың дүниеге келгеніне 125 жыл толып отыр. Қазақстанда кеңес өкіметі орнағанда кеңестік лагерь жағына шығып, кеңестік құрылыстың орнауы жолында аянбай еңбек етіп, артынан терең із қалдырған Н.Сырғабековтың қоғамдық саяси қызметі қарама-қайшылықты. Оның жеке тұлғасы мен қоғамдық саяси қызметіне байланысты тарихи еңбектерде екіұдай пікір айтылып келеді. Сонымен Нығмет Сырғабекұлы кім? Халқымыздың тарихындағы оның тарихи бейнесі қандай деген сұрақтарға архив деректері негізінде жауап беріп көрейік.

Нығмет (Нығметолла) Сырғабеков Ақмола облысы, Петропавл уезінің №7 ауылында дүниеге келген. Қайраткер 1937 жылы тамыз айында өз қолымен толтырған өмірбаянында өзінің жастық шағы жөнінде «Мен 1900 жылы кедей қазақ отбасында дүниеге келдім. Әкем қазіргі Шет ауданынан шыққан, көшпелі малшы болған. 1883



жылғы белгілі жұттан кейін әкем мал-мүлкінен айрылып, Петропавл уезі, Ақмола губерниясына, қазіргі Қарағанды облысына көшіп, Петропавл көпестерінің табындары мен керуендерінде бақташы болып жұмыс істеді. Олар сол кезде «қыршы» деп аталған.

1912 жылға дейін біздің отбасы жергілікті биліктің отбасылық тізіміне кірмеген, біз «кірме» қазақтар ретінде тіркелдік, яғни көшіп келгендер едік. Сондықтан 1912 жылға дейін бізде жеке жер үлесі болмады, ал бізден алынған салық ауылдық және болыстық старшиналарға қарыз ретінде төленді.

1912 жылы патша үкіметінің қоныс аудару басқармасы қосымша жер телімдерін анықтау жұмыстарын жүргізіп, отырықшылыққа көшкен ауылдарды жерге орналастыру шараларын бастады. Тек осындай жағдайда ғана ауылдар тұрақты мекендерінен айрылып қалу қаупінен құтыла алатын еді. Біздің болыс халқының жартысы отырықшылыққа көшуге «ниет білдіріп», ата-анам да осы тізімге кірді. Бірақ біз ең соңынан тізімге кіріп, жер үлесін толық ала алмадық.

Мен 7 жасымнан бастап ауылдағы башқұрт молдаларынан білім алдым. Олар әскери қызметке шақырудан қашып, ауылдарға мұғалім болып орналасқан еді.

1912 жылы әкем мені Петропавлдағы екі сыныптық орыс-қырғыз училищесінің интернатына оқуға берді. 1917 жылға дейін сол жерде оқыдым. 1917 жылы мен оқуымды үзуге мәжбір болдым, себебі приходтық жоғары мектепке түстім, бірақ жеке пәтерге тұруға мүмкіндігім болмады. Қысқасы демалыстан кейін үйге қайттым. Қыста ағам қайтыс болды, бүкіл отбасы тифпен ауырды, мен үйдегі жалғыз еңбекке қабілетті адам ретінде отбасыма қамқор болуға қалдым. 1917-1919 жылдары шаруашылықпен айналысып, ағаммен бірге отбасымды асырадым», -деп жазады [1].

Материалдар мен әдістер

Мақаланың деректік негізін ҚР Президентінің архивінің 139 қорының 357 ісі, 141 қорының 12а, 837, 38, 2409, 2342, 2409, 837 істері, Алматы қалалық полиция департаментінің архивіндегі Н.Сырғабеков ісінің тергеу материалдарының 1-2 томдары, сондай-ақ Н.Сырғабековтің еңбектері мен мақалалары құрайды.

Мақаланы жазу барысында тарихилық принцип пен объективтілік ұстаным басшылыққа алынды.

Талқылау және зерттеу нәтижелері

Нығмет Сырғабекұлының өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу өткен ғасырдың жетпісінші жылдардан бастау алады. Бұл тұрғыдағы алғашқы зерттеу еңбегінің қатарына М.Жүнісов пен Ш.Өтеповтың «Нығмет Сырғабеков (партийный и государственный деятель)» еңбегі жатады. Еңбек сол кезеңдегі таптық көзқарас пен кеңестік идеология тұрғысынан жазылса да, қайраткердің есімін халыққа таныстырудағы алғашқы еңбек болатын [2]. Белгілі ғалым Ө.Озғанбай «Халық комиссары. Нарком.» атты зерттеу еңбегінде қайраткер тұлғаның өскен ортасы мен шыңдалып ер жеткен кезеңі, қоғамдық-саяси қызметі және егін шаруашылығы халық комиссары қызметіндегі ұрпаққа үлгі боларлық істерін ашып көрсеткен. Еңбекте, қайраткердің қоғамдық-саяси қызметінің қайшылықты кезеңі қарастырылмаған [3]. Зерттеуші ғалым Б.Иманбекова өзінің «Қайшылықты кезең қайраткері» атты ғылыми монографиясында 1930-1937 жылдар аралығындағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік процестерді қарастыра отырып, қоғам қайраткері Н.Сырғабековтың қайшылықты және күрделі кезеңдегі саяси қызметі мен әлеуметтік көзқарасын мұрағат деректері негізінде қарастырған [4]. Қоғамдық-саяси қызметі өнегелі және қайшылықты тұлға Н.Сырғабековтің саяси қызметін кеңінен ашу жолында бір жақты сипат беруден арылып, іргелі ғылыми жүргізу міндеті алдымызда тұр деп есептейміз.



Отбасындағы кедейліктің және ресей империясының отаршылдық саясатының зардабын көріп өскен Нығмет Сырғабекұлына жаңадан орнаған Кеңестік биліктің еңбекшілер мен кедей таптың мүддесіп қорғаймыз деген ұрандары жанына жақын келді. Кеңес өкіметі де өз билігін нығайту үшін кедей таптың арасынан шыққан жергілікті ұлттың оқыған азаматтарын әртүрлі деңгейдегі билік құрылымдарына тартты. Кеңестік билік 1920 жылдың қаңтар айында Нығмет Сырғабекұлын Петропавл қаласына шақырып, ревкомның қазақ секциясына нұсқаушы етіп тағайындады. Бұл оның өміріндегі алғашқы мемлекеттік саладағы жауапты жұмыс болатын. Жастайынан еңбекке ерте араласып, шыңдалып өскен қайраткер жастығына қарамай еңбекке құлшына кіріседі.

1920 жылы 26 тамызда Бүкілресейлік орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің «Автономиялы Қазақ кеңестік социалистік республикасын құру туралы» декреті бойынша Ақмола мен Семей облыстары Қазақ автономиясына берілгенімен де, бұл облыстарды Қазақстанға қосу бірден іске асқан жоқ. Ұлы орыстық шовинизммен уланған Сібір ревкомының басшылары аймақтың Қазақстанға қосылуына қарсылық көрсетті. Халқымыздың көптеген ұлтжанды қайраткерлерінің табанды түрдегі талабынан кейін ғана 1921 жылы Ақмола мен Семей облыстары Сібір ревкомы қарамағынан Қазақ АКСР-на беріледі. Жаңадан қосылған аймақтағы жергілікті кеңестік органдардың қызметін жандандыру ісінде алда қыруар шаралар тұрған болатын. Бұл жылдары Нығмет Сырғабекұлы Ақмола губерниялық революциялық комитетінің және губерниялық атқару комитетінің нұсқаушысы қызметтерін атқарып, жаңадан қосылған аймақтағы кеңестік биліктің орнығуында өзінің үлесін қосумен қатар, өзі де партиялық, кеңестік органдарда жұмыс істеп шыңдалды. Жігерлі жастың белсенді іс қимылы мен аймақтағы кеңестік билікті орнықтырудағы еңбегін ескерген кеңестік билік, оның өтініші бойынша 1921 жылдың қазанында РК(б)П мүшелігіне кандидат етіп қабылдаса, 1921 жылдың желтоқсан айында РК(б)П мүшелігіне қабылдады.

Нығмет Сырғабекұлының қоғамдық-саяси қызметінің үлкен белесті кезеңдерінің біріне оның кеңестік биліктің алғашқы қалыптасуы кезеңіндегі Әділет халық комиссариатында істеген қызметін жатқызамыз. ҚазАКСР әділет халық комиссариаты 1920 жылы қазан айында құрылып, өз жұмысын бастаған алғашқы жылдары оның құрамында бүкіл Алашқа аттары мәлім тұлғалар да жұмыс істегенін айта кету ләзім. Мәселен, Қазан университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі Ресейлік І және ІІ мемлекеттік думаның депутаты болған А.Бірімжанов 1920-1926 жылдары жоғарғы сот құрамында алқа мүшесі, кеңесші, бөлім меңгерушісі сынды жауапты қызметтерде атқарды. Әділет халық комиссариатының құрамында Алаш Орда қайраткері, 1913-1918 жылдары аралығында Орынбордағы сот кеңселерінде қызмет атқарған, 1920 жылы Алаш Орда таратылғаннан кейін кеңесөкіметі жағына шыққан С.Қадырбаевта әділетхалкомында қызмет атқарып, жаңадан құрылған әділет халық комиссариаты сот құрылысын қадағалау бөлімін басқарды. Тағы бір Алаш қайраткері А.Мангелдин әділет халық комиссариаты, Сырдария губерниялық сотының мүшесі болып қызмет етіп, әділет халкомы қызметінің жандануында өз үлесін қосты. Қазақстандық партия комитетінің басшылығына Ф.Голощекин келгеннен кейін әділет халық комиссариатының құрамын жат элементтерден тазарту «науканы» жүріп, бұл аталған қайраткерлердің барлығы да өз қызметтерінен шеттетілген еді.



Қайраткер 1922 жылдың қарашасында Ақмола губерниялық партия комитеті бюросының шешімімен Ақмола губерниясы революциялық әскери трибуналының мүшесі болып сайланып, 1923 жылдың ақпанына дейін, ребтребуналдың орнына халықтың сот органдары құрылып, жаңа құрылым өз жұмысын бастағанға дейін жұмыс істеді. Бұл жылдары әділет халық комиссариатының алдында көптеген қиыншылықтар тұрған болатын. Бастысы, кеңестік жүйенің заңдық қадағалаушы органының негізгі жұмыстарын қадағалайтын және атқаратын мамандардың тапшылығы айқын сезілді. Соның салдарынан, көптеген азаматтық және қылмыстық істер қаралмаған күйінде қордаланып жатты. Мәселен, 1922 жылдың 1 қаңтарына дейін бір ғана Атбасар уезінде шешімін таппаған, аяқталмаған 864 қылмыстық, 1381 азаматтық іс жинақталған [5]. Қазақтар тығыз қоныстанған уездердегі қылмыстық істер мен азаматтық істер орыс тілінде жүргізілді.

Нығмет Сырғабекұлы 1923 жылдың ақпан айында Ақмола губерниялық соты төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Алғашқы қарсаңда, арнайы заңгерлік білімі жоқ Нығмет Сырғабекұлына бұл саладағы жұмысты еңсеріп кету оңайға соқпады. Тәжірибенің аздығы, арнайы білімнің жоқтығы, әлі қалыптасып үлгермеген күн сайын өзгеріп жатқан кеңестік заң нормалары да оның жұмысында көптеген қиыншылықтарға соқтырды. Осы кезеңдегі оның қызметіне Ақмола губерниясы партия комитетінің жауапты хатшысы Чернядьев тарапынан: «Сырғабеков жолдас 1923 жылдың 15 наурызынан бастап губерниялық сот төрағасының орынбасары қызметін атқарып келді. Әзірге өзін қызметкер ретінде көрсете алған жоқ, бірақ дайындалуға үміт бар. Кейбір уақытта қызметкерлерді дұрыс таңдай алмайды және оларды басқара білмейді. Партиялық қызметкерлерімен жолдастық қарым-қатынасы жақсы, бірақ тәртіптілігі төмен. Атқарып отырған лауазымына толықтай сәйкес келе қоймайды, дайындалған қазақ қызметкерлерінің жетіспеушілігіне байланысты тергеу ісінде пайдаланылуда. Маркистік дайындық деңгейі жеткіліксіз, саяси жағдайды әрдайым дұрыс бағалай алмайды.

Саяси тұрғыдан толықтай тұрақты емес. Қабылданған шешімдерді жүзеге асыруда жеткілікті түрде жігерлі және табанды емес. Партияластарымен және жұмыстағы өзіне бағыныштылармен жолдастық қарым-қатынасы жақсы. Айрықша жетістіктері мен елеулі кемшіліктері байқалмады. Ұйымдастырушылық және әкімшілік қабілеттері анықталмады», - деген тұрғыда сипаттама беріліпті [6].

Біржақты болса да, өз жұмысына берілген сыннан кейін Нығмет Сырғабекұлы заң нормаларын өз бетімен оқып, білімін жетілдіріп отыруға ұдайы көңіл бөледі. Ізденімпаз жігерлі жас заңгерлік мамандардың білімін жетілдіруге арналған арнайы курстардың алдыңғы қатарлы тыңдаушыларының бірі болды. Қысқа мерзім ішінде уездік деңгейдегі әділет халық комиссариатының білікті қызметкеріне айналды. Алған білімі мен тәжірибесін бөлісу үшін өзі де курс тыңдаушылары алдына жиі барып, дәрістер оқыды. Өзін уездік деңгейдегі қызметінде білікті маман ретінде көрсете білгеннен кейін, республикалық деңгейдегі әділет халкомына қызметке шақырылады. 1924 жылы Қазақ орталық атқару комитеті төралқасының шешімімен РКФСР Жоғарғы соты қазақ бөлімінің жаңа құрамы бекітілді. Жаңа құрамның төрағасы Т.Мұқашев, мүшелері болып, Н.Сырғабеков, А.Голубцов, А.Дамилов, И.Кошкин, М.Демме сайланды. РКФСР Жоғарғы соты Қазақ бөлімінің төрағасы Т.Мұқашев, Нығмет Сырғабекұлының іскерлік қабілетіне былайша сипаттама беріпті: «Жалшы қазақтың баласы, білімі орта, 1921 жылдан РК(б)П мүшесі. Практикалық тәжірибесі 1922 жылдан әскери революциялық трибуналда және губерниялық сотта жұмыс істеді. Саяси сауатты және тұрақты.



Белсенді және тәртіпті. Жұмысты басқара алады. Әкімшілік және ұйымдастырушылық қабілеті бар. Осы жұмыста және осы қызметте қалдыру орынды. 24/Х.1924г.» [7].

1925 жылы 4 маусым күні өткен РК(б)П Қазақ өлкелік партия комитеті хатшылығының мәжілісінде (хаттама №45) Жоғарғы сот Қазақ бөлімінің құрамы туралы мәселе қаралып, Жоғарғы сот Қазақ бөлімінің төрағасы болып М.Атаниязов бекітілсе, Н.Сырғабеков қылмыстық-кассациялық алқа төрағасының орынбасары болды. Осы жылдың желтоқсан айында өткен РК(б)П Қазақ өлкелік партия комитеті хатшылығының мәжілісінде Жоғарғы сот Қазақ бөлімінің құрамы жөніндегі мәселе екінші рет қаралып, Жоғарғы сот қазақ бөлімінің құрамы жаңартылды. Жаңартылған құрамның төрағасы М.Атаниязов, мүшелері болып: Атаянц, Сырғабеков, Демме және Бекбатыров бекітіледі. Осы мәжілісте Нығмет Сырғабекұлының қызметі бір сатыға көтеріліп, қылмыстық-сот алқасының төрағасы болып сайланды [8].

Нығмет Сырғабекұлы әділет халық комиссариатында істей жүріп, социалистік заңдылықтың орнығуы, сақталуы және оның еңбекшілердің мүддесін қорғауы жолында аянбай еңбек етті. Әділет халық комиссариатында бірге қызмет еткен әріптестері де оның іскерлік қабілетін жоғары бағалады. РКФСР Жоғарғы соты Қазақ бөлімі төрағасының орынбасары Л.Атаянц, қылмыстық-кассациялық алқаның төрағасы А.Демме, Нығмет Сырғабекұлының іскерлік және тәжірибелік қызметін берген пікірлерінде: «Жолдас Сырғабеков Нығметулла 1924 жылдың 17 мамырынан 1926 жылдың 1 сәуіріне дейін РКФСР Жоғарғы сотында жұмыс істеді және қылмыстық-кассациялық алқа төрағасының орынбасары, кейінірек қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы, сондай-ақ Жоғарғы сот қазақ бөлімі президиумының мүшесі болды. Осы жұмысты орындау барысында жолдас Сырғабеков саяси таптық тұрғыдан тұрақты, істі жақсы білетін және жұмысын дұрыс әрі жылдам ұйымдастыра алатын қызметкер ретінде көрінді», - деп оның әріптестері арасында құрметті, беделді қызметкер болғанын атап көрсетеді [9].

Нығмет Сырғабекұлының іскерлік қарым қабілетін жоғарғы бағалаған әділет халық комиссариаты оны 1926 жылы сәуір айында Жетісу губерниялық сотының төрағалығына ұсынады. Жетісу губерниялық сотының төрағалығына ұсынылған кандидаттың ісін қараған Жетісу губерниялық партия комитеті оның кандидатурасына бірауыздан келісім берді [10]. Қайраткер бұл қызметті 1928 жылдың сәуір айына дейін атқарды.

1928 жылдың сәуірінде Нығмет Сырғабекұлы Қызылордаға шақырылып, республика прокурорының орынбасары, әділет комиссариатының сот құрылымы бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Ал, 1929 жылдың мамыр айында РКФСР Жоғарғы соты Қазақ бөлімінің төрағасы болып сайланады.

1928 жылдан бастап, Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай күрт шиеленісті. Голощекиндік «Кіші Қазан» саясаты, ірі бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі Қазақ орталық атқару комитетінің қаулысы, егін шаруашылығын арттыруды алға тартып, Ресейден орыс шаруаларының толассыз Қазақстанға қоныс аударылуы, Қазақ ауылындағы үлкен келеңсіз дүрбелеңнің бастамасы болса, 1929 жылдан басталған Алаш қайраткерлеріне және олармен ниеттес болған қазақтың ұлтжанды қайраткерлеріне қарсы бағытталған жазалау, қуғындау науханы да қазақ халқының ұлттық мүддесіне қарсы жүргізілген кешенді зардаптың бастамасы еді. Өзінің қарсыластарын қудалап, бірін Қазақстаннан кетуге мәжбірлесе, екіншісін қызметінен алып қудалаған Голощекин жалғыз емес болатын. Қазақ қайраткерлерін бір-біріне айдап салу тәсілін шебер меңгерген ол «ұлтшылдықпен», «байшылдықпен»,



«топшылдықпен» күрес деген ұрандарды бетперде етіп, өзін қолдаған жақтастарды таба білді. Ол «жақтастар» Голощекинге Алаш қайраткерлерін қудалауда, кеңестік, партиялық әртүрлі лауазымдарда отырған ұлтжанды қайраткерлерді айыптауда зор көмегін көрсетті. Үлкен өкінішке орай, сол Голощекиндік «жақтастардың» қатарынан Нығмет Сырғабекұлын көреміз. Ол, 1929 жылы Қазақ АКСР жоғарғы сотының төрағасы қызметінде, партия ұйымдарын тазалау комиссиясының төрағасы болып, республикада жүргізіліп жатқан Голощекиндік «үлкен террорға» тартылды. Ұлтымыздың қайраткерлеріне қарсы жүргізілген Голощекиндік саясатқа үн қосты. Голощекин «Сәдуақасовшылдық» деп айдар таққан халқымыздың ұлтжанды қайраткерлерін «әшкерелеуде» алдыңғы қатардан көрінді. Мәселен, 1927 жылы қараша айында болған партияның VI конференциясында Голощекиннің: «Мен Сәдуақасов деп айтқанда, онда жинақталған «Сәдуақасовшылдық» туралы айтамын, ол саңлақтарға Сұлтанбеков, Қаратілеуов, Мұстамбаев және тағы басқалар кіреді, бұлар «Социализмнің құрылысшылары» [11] деген мысқылды айыптауынан кейін-ақ басталған, бұл қайраткерлерді қудалау одан кейінгі жылдары одан әрі өршіді. Голощекиндік партиялық тазалау науханына алдымен іліккендердің бірі, қоғам және мемлекет қайраткері, Орал губерниясы мен Ақмола губерниясының прокуроры, Сырдария губерниясы орталық атқару комитетінің төрағасы болған, Қазақстандағы Голощекиндік диктаторлық билікке тайсалмай ашық қарсы шыққан Ыдырыс Мұстамбаев болды. Ыдырыс Мұстамбаевқа қарсы партиялық тазалау, тексеру комиссиясы Нығмет Сырғабековтің басшылығымен 1929 жылдың 5 қыркүйегінде жүргізіліп, оған мынадай сұрақтар қойылады: «1. Қоныс аудару мәселесіне байланысты сіздің күдігіңіздің нақты қортындысы неде және күдігіңіздің негізгі ретінде нақты нені алып отырсыз? 2. Жергіліктендіру мәселесінде нақты сіз немен келіспейсіз және сіз нақты нені іске асыру қажет деп ұсыныс жасайсыз? 3. Қазақ ұйымының өзінің өсуі, дамуы барысында топшылдық күрестің және партия жолынан ауытқудың қатпарларынан өтуін болмай қоймайтын заңдылық құбылыс деп есептейсізбе? 4. «Сәдуақасовшылдық» томаға-тұйық шаруашылықты мойындайсызба? 5. Сіз байларды тәркілеуге қарсы болған кезіңізде, тәркілеуді жүргізу бағытталған ауылдың әлеуметтік күйінің мүддесін қорғаудан басқа, себептер болған жоқ па? 6. Ұлтаралық қатынас мәселесіндегі басшылықтың дұрыстығына күдіктенуге қандай нақты дәлелдеріңіз бар? 7. Бұрындары үш мәселе жөнінде тексеру кезіндегі сіздің айтуыңыз бойынша, сіз идеялық тұрғыдан оппозициямен жақындастыңыз, БК(б)П Орталық комитетіне жазған өтінішіңіз бойынша оппозициядан кеттіңіз. Қайда және қашан сіз партия бұқарасының алдында өзіңіздің бұрынғы оппозиция бағытыңызды әшкереледіңіз. «Сәдуақасовшылдықтың» оппозициямен идеялық байланысуының дәлелді себептері жөнінде айтыңыз! 8. Сіз, шамамен 1927 жылы ұйымдасқан түрде Сәдуақасовпен байланысыңызды үзгеніңізді айттыңыз, идеялық байланыс ісі және соңғы уақытқа дейінгі байланыс қандай жағдайда болды? [12]. Бұған дейін де, өзіне бірнеше рет сөгіс беріп, сынаққа сылтау іздеген себептермен партия қатарынан шығарып, негізсіз оңды-солды айыптауларға қарамастан Ыдырыс Мұстамбаев партиялық тазалау кезіндегі жоғарыда берілген сұрақтарға жауап бергенде «бұрынғы қателіктерім, адасуларым» деп кейбір саяси көзқарастан жұмсартып айтқанымен де қазақ автономиясының және қазақ халқының саяси-экономикалық өміріндегі ең маңызды және өзекті мәселелер «Қазақстандағы партиялық басшылық, жергіліктендіруді жүргізу және жер мәселесін» жүргізуде күдігім бар деп, алған бетінен қайтпады. Өйткені, дәл осы өзекті мәселелер бойынша бей-берекетсіздік пен шовинистік саясат көрінісі айқын білініп тұрған еді.



Сондықтан ол, өз көзқарасынан таймай халқы үшін басын бәйгеге тігеді. Голощекиндік «партиялық тазалаудан» өткен Ыдырыс Мұстамбаевқа тексеру комиссиясы: «Жолдас Мұстамбаев идеологиялық мәні партияға буржуазиялық-ұлтшылдық әсер ету болып табылатын «Сәдуақасовшылдықтың» белсенді жетекшілерінің бірі. Ол Қазақстанға сырттан қоныс аударуға қарсы. Жергіліктендіру және ұлтаралық қатынас мәселелерінде оның ойынша жергіліктендіруді жүргізудің қарқыны баяу, ұлтаралық қатынаста шовинизмнің көріністері қарқын алып келеді. Оның «күдіктерінің» барлық түпкі тамыры бетін жасырған тікелей «Сәдуақасовшылдық» болып табылады. Ол, Қазақстандағы ұлттық саясаттың барлық мәселелері бойынша жетістіктерімізді және социалистік басшылықты саналы түрде көргісі келмейді», - деген қортынды шығарады [13]. Өз ұлтының ұлт ретінде өмір сүруіндегі өзекті мәселелерді партиялық тазалау алдында ашық айтқан Ыдырыс Мұстамбаевқа деген сенімсіздік және оны ұлтшылдықпен айыптау одан әрі жүргізілді. 1929 жылы қыркүйектің 16 күні партиялық тазалау комиссиясының төрағасы болған, ұлтшылдарды анықтауда «белсенділігімен» көзге түскен Нығмет Сырғабекұлы Голощекиннің атына жазған қызметтік хатында, партиялық тазалаудан өткен Ыдырыс Мұстамбаевтың ісіне қатысты былай деп жазады: «Филипп Исаевич! Сізге Мұстамбаевтың берген түсініктемесінің көшірмесін жіберіп отырмын. Тексеру комиссиясы оны партиядан шығарды, ячейка қолдады және округтік партиялық үштік бекітті. Менің ойымша Мұстамбаевтың біздің қатарымызда бұдан былай да қалуына, оның ойдан шығарылған түрлі ақымақшылықтары мен «күдіктеріне» шыдауға болмайды. Сонымен қатар, арамыздан аластатылғанымен де, заңсыз түрде біздің партиямыздың мүшесі атын пайдаланып жүрген оның идеологы Сәдуақасовқа да шыдауға болмайды» [14]. Нығмет Сырғабекұлының қызметтік хатынан ұлт мүддесін жоғары қойған қос қайраткер тұлғаның тағдырына үзінді-кесілді нүкте қоюға тырысуды байқау қиын емес. Бұл қайраткерлерге бұрыннан өшпенділігі бар Голощекинге керегі де осы еді. Сонымен қатар, Нығмет Сырғабекұлының ұлтжанды қайраткерлерді «әшкерелеудегі» белсенді жұмысы тек, Ыдырыс Мұстамбаевты айыптаумен ғана шектелген жоқ. Мәселен, С.Сәдуақасовқа қарсы баспасөз бетінде кең көлемде жүргізілген саяси айыптаулардың ұраншысы болып: «Сәдуақасовшылдықтың тарихына қарағанда, оның табиғи түріне қарағанда оны әсіресе біздің, Қазақстанның партия ұйымдары елеусіз тастауға болмайды», - деумен «Сәдуақасовшылдыққа» қарсы күрестегі аса белсенділігімен көзге түскен еді [15].

Нығмет Сырғабекұлының қоғамдық-саяси қызметінің қайшылықты кезеңдерінің біріне – оның Егін шаруашылығы халық комиссариатындағы әртүрлі жауапты қызметтерді атқарған кезеңін де жатқызамыз. Нығмет Сырғабекұлы ұрынған қайшылықтардың мәнін түсіну үшін, артқа шегіне жасап, мәселенің байыбын анықтай кеткеніміз жөн. «Жер мәселесі – қазақтың тірі, я өлі болу мәселесі» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, жер қашанда халқымыздың өміріндегі басты мәселе болды. Сонау Ресей империясының отаршылдық саясаты салдарынан өз жерінен айрылған қазақ халқы, кеңестік билік кезеңінде сол жерге қайта ие боламыз деген үміті оянғандай болғанымен, артынша-ақ, оның алдамшы үміт екенін түсінді. Қазақ үкіметінің құрамындағы жер мәселесімен айналысқан Егін шаруашылығы комиссариатын басқарған наркомдар Әлиасқар Әлібеков және Жағыппар Сұлтанбековтердің кезінде Қазақстанда ушығып тұрған жер мәселесін шешу жолында біршама қадамдар жасалды. Ең алдымен жер телімдерінің нормаларын реттеу, қазақ жерлерінің құнарлығын анықтау, қазақ жерлерін жаппай егін шаруашылығына айналдырудың тиімділігін анықтау мақсатындағы арнайы зерттеулердің жүргізілуі бұл саладағы алғашқы



қадамдар еді. Мәселен, Егін шаруашылығы комиссариатының арнайы шақыруымен Қазақстанға келген профессор С.Швецов бастаған Ресейлік ғалымдар зерттеу жүргізіп, зерттеу нәтижесі бойынша 1926 жылы «Тұрмыстық және табиғи-тарихи жағдайдағы қазақтардың шаруашылығы. Қазақ АКСР-ға жерге орналастыру нормаларын әзірлеуге материалдар» атты еңбекті дайындады. Еңбекті егін шаруашылығы халық комиссариаты баспадан шығарған. Еңбектегі «Қазақстанның тұрмысы және табиғаты» деген мақаласында ғалым С.Швецов былай деп жазды: «Су көздері мардымсыз жабайы кең далада адам тек мал шаруашылығымен айналыса алады, оның үстіне тек көшпелі шаруашылықпен. Малдың қалыптасқан қозғалысын бұзу қазақ халқын асырап отырған кең даланың құнарсыздануына алып келеді. Өйткені бұл жерде шаруашылықтың басқаша түрін жүргізу мүмкін емес». Яғни ғалымның тұжырымы бойынша: «Қазақстандағы көшпелі тұрмысты жою, қазақтардың шаруашылығын жоюмен қатар, кең даланы адам тұрғысыз шөл далаға айналдырады» деген ғылыми байлам жасалды [16]. Ғалым жасаған батыл ғылыми тұжырым Қазақ даласын жаппай отырықшы шаруашылыққа айналдырудан және Ресейден орыс шаруаларын жаппай қоныс аударуға тосқауыл болды. Бірақ, бұл ғылыми тұжырым Ф.Голощекин бастаған Ресейлік қолшоқпарларға және оны жер саясаты бойынша қос қолдап қолған өзіміздің асыра сілтеушілерге ұнаған жоқ. Олар атойлап қарсы шықты. Жаппай отырықшылыққа көшуді жақтағандар бұдан кейінгі жылдары өздерінің жұмысын кең майданда өрістетті.

1928 жылы 10 қыркүйек күні болған өлкелік партия комитетінің мәжілісінде орталық жер басқармасының бастығы ұлтжанды қайраткер Т.Жаманмұрынов орнынан алынып, оның орнына Н.Сырғабеков тағайындалды [17]. Өз қызметіне кіріскен Нығмет Сырғабекұлы халқымыз үшін өмірлік жер мәселесінде Голощекинді қолдаушылардың бірі болды. Оның жер мәселесіндегі негізгі ұстанымы толығымен Голощекиндік бағытпен тоғысып жатты. Партия конференцияларында, пленумдарында жасаған баяндамаларында және баспасөз бетінде жарияланған мақалаларында жер мәселесін ұлттық сипатта емес, топтық сипатта шешуді жақтады. Ол: «Ауыл шаруашылығы жөніндегі байшылдық қисындар мен зиянкестікке қарсы» деген мақаласында С.Швецов бастаған ресейлік ғалымдардың «ауыл шаруашылығында қазақтардың қарапайым көшпелі қожалықтарын сақтаудың қажеттігі туралы» ғылыми зерттеулерін сынға алды: «Осылай деп Швецовтар жазды, осылай деп Бөкейханұлдары жырлады, мұны азырақ түсін ғана өзгертіпкіреп Смағұл Сәдуақасов секілділер сарнады. Оппортоншылар да осыны сандырақтап жүр», - деп жазады [18]. Яғни, тістегеннің аузында кетіп жатқан қасиетті қазақ жерлерін қайтсе де қорғап, қалудың бір амалын қарастырып жатқан ұлтжанды қайраткерлердің іс-әрекетін «байшылдық», «ұлтшылдық» пен айыптады. Нығмет Сырғабекұлының 1930 жылы «Жерге орналасу және отырықшылыққа айналу туралы» атты еңбегі жарық көрді. Еңбекте, бұған дейінгі партия конференциялары мен пленумдарында айтылған Голощекиннің сөздерінен сілтемелер келтіре отырып: «Жолдас Голощекиннің бұл сөздерінің бір бөтені жоқ. Бәрі дұрыс. Оған дәлел, іс жүзіндегі соңғы екі жылдан бергі жүргізілген жер саясатының, жерге орналастырудың нәтижелері», деп оны толық қолдайды. Нығмет Сырғабекұлы жер мәселесін сөз еткенде Ресей империясы кезіндегі ұлт саясатын да, жүргізілген жер саясатын да оның қазақ халқына тигізген зардаптарын ашып айтқанымен де, тура сол саясаттың кеңестік билік кезінде жүргізіліп отырғанын көргісі келмеді. Тап жауларына қарсы күрестегі еңбекші халықтың мүддесі деген ұранмен кеңестік жер саясатының туын көкке көтерді. «Қазақтың батырақ, кедей, орташаларының тап жауы - бай-жуандар. Олардың басшылары, канат-құйрақтары «алашордашылдар», жеке ұлтшыл,



көр соқыр қағылған, соғылғандар» біздің шараларымызды не деп «түсіндіреді»? Қашан болса да тап дұшпаны, төңкеріс жауы өлерінде тал қармап, теріс ұғыныс, өсек, өтірік таратып жүргені анық», деп кеңес өкіметінің жер саясатын асыра мадақтады [19, б. 11]. Ал, шын мәнісінде бұл кезеңде халқымызды алапат аштыққа ұрындырған Сталиндік-Голощекиндік ұжымдастырудың зардаптарының бастамасы көрініп қалған еді.

1930 жылы 13 мамыр күні өткен өлкелік партия комитетінің алқа мәжілісінде Нығмет Сырғабекұлы ҚАКСР Халкомкеңесі жанындағы отырықшыландыру комитеті төрағасының орынбасары және Егін шаруашылығы халық комиссарының екінші орынбасары болып бекітілді. Отырықшыландыру комитетінің негізгі жұмысына отырықшылыққа көшіп, астық өсірумен айналысуға тиіс Қазақ аудандарындағы жұмыстарды ұжымдастыру болды. Ұжымдастыруды жүргізу барысында жіберілген өрескел қателіктер секілді, бұл отырықшылыққа көшіру жұмыстарының қателіктері де паш етекпен еді. Және бұл саясатты да Голощекиндік эпербақандық науханның бір көрінісі деп бағалауға болады. Бұл істе дайындықсыз нақты белгіленген жоспарсыз жүргізілді. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі тұрмысын ескермей, бірден отырықшылыққа көшірудің қаншалықты зардабы болатынына «бас қатырмай» тұтас бір жүйені бұзуға кірісіп кетті. Бұл іске тікелей жауапты тұлғаның бірі Нығмет Сырғабекұлы жер-жерлердегі отырықшыландыру жұмыстарымен танысқаннан кейін, ашық түрде бұл мәселелерді үкіметтің алдында көтерді. Нығмет Сырғабекұлы үкімет төрағасы Ораз Исаевқа жазған хатында: «Отырықшыландыру мәселесіне шындырға мән берілмей отыр. Бұл ұйымдардың ешқайсысы аймақтардағы отырықшыландыру жұмыстарының қалай жүріп жатқанын нақты білмейді»- деп атап көрсетіп, отырықшыландыруды жүргізу жұмыстарымен айналысатын ұйымдардың дәрменсіздігін, ешқандайда жұмыстардың ақарылмағанын мойындауға мәжбүр болады [20, б. 117]. Айналып келгенде, елді жайлаған ашаршылықтың салдарынан жан-жақты бас сауғалап көшіп кетіп жатқан халық арасында отырықшылыққа көшу мәселесін ұжымдастыру бұл кезеңде тіпті де мүмкін емес болатын.

1933 жылдың бас кезінде Қазақ халқының алапат аштыққа ұшырауына тікелей жауапты адамдардың бірі – Голощекин орнынан алынғаннан кейін, оның орнына орталықтың шешімімен Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Л.Мирзоян тағайындалды. Оның келуімен Қазақстан үкіметінің құрамында біршама ауыс-түйістер болып өтті. 1933 жылы қыркүйек айында Нығмет Сырғабекұлы Қазақ Егін шаруашылығы халық комиссары болып сайланды. Өкінішке орай, бұл қызмет оның өміріндегі соңғы қызметі еді. 1936 жылдың аяқ кезінен-ақ сонау Мәскеуден басталып, бүкіл кеңестер елін қамтыған «қызыл террор» кезінде Қазақстанда оған алғашқы болып іліккендердің қатарында Нығмет Сырғабекұлы да бар еді. Нығмет Сырғабекұлы 1937 жылы 22 қазан күні контрреволюциялық буржуазиялық – ұлтшыл ұйымның мүшесі ретінде қамауға алынады. Тура сол күні Л.Мирзоянның қатысуымен өткен өлкелік партия комитетінің алқа мәжілісінде қайраткерді қызметінен алып, ісі НКВД беру жөнінде шешім қабылданады [21].

Нығмет Сырғабекұлын тергеу ісі 1937 жылдың 30 қараша күні жүргізіліпті. Тергеу ісіне ішкі істер халық комиссары Залиннің өзі де қатысқан. Тергеуші тарапынан берілген сұрақтарға жауап, жиырма бес беттен тұрады. Онда Нығмет Сырғабекұлы 1933 жылдан бастап, антисоветтік буржуазиялық – ұлтшыл ұйымның мүшесі болғанын, ұйымға Ұ.Құлымбетов тартқанын, Қазақстанның ауыл шаруашылықты аудандарында кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс ұжымдастыруды жоспарлағанын және тағы да басқа аса ауыр «қылмыстарды» мойнына алады. 1937-1938 жылдары қуғын-сүргінге



ұшыраған қазақ қайраткерлерінің тергеу істерімен танысқанымызда бір анық байқалатын мәселе, тергеушілер тарапынан қойылаты сұрақтардың да және оған берілген жауаптардың да бір-біріне өте қатты ұқсастығы. Яғни сұрақтар мен жауаптары алдын-ала дайындап, тек тергеушінің аты-жөнін ғана өзгертіп отырған секілді әсер қалдырады. Тұрасын айтқанда ауыр азаптап, «мойындатқызды» дегеніміз шындыққа келеді.

Нығмет Сырғабекұлына қарсы қолдан ұйымдастырылған жалған айыптаулардан кейін, ішкі істер халық комиссары Залиннің өзі бекіткен айыптау қортындысы 1937 жылы 8 желтоқсанда шықты. Нығмет Сырғабекұлы РКФСР қылмыстық кодексінің 58 статьясының 2, 7, 8 және 11 баптары бойынша айыпталып, онда: Қазақ КСР аумағында антисоветтік, ұлтшыл, лаңкестік, тыңшылдық-диверсиялық ұйымның әшкерленгені, олардың мақсаты қарулы көтеріліс ұйымдастырып, Қазақстады КСРО-дан бөліп әкетіп, Жапонияның протекторатындағы буржуазиялық ұлтшыл қазақ мемлекетін құру сынды аса ауыр айыптар алға тартылып, жоғарыда келтірілген айыптаулар негізінде Нығмет Сырғабекұлына мынадай басты айыптар тағылады: «1.1933 жылдан бастап тұтқындалғанға дейін антисоветтік ұлтшыл ұйымдардың жетекші мүшелерінің бірі болып, Кеңес үкіметін құлатуға және Қазақстанды Кеңес одағынан бөліп алып, Жапонияның протекторатындағы буржуазиялық-демократиялық республика құруға бағытталған белсенді антисоветтік жұмыс жүргізді. 2.Антисоветтік ұлтшыл ұйымның орталығының тапсырмасы бойынша 1933 жылы Шығыс Қазақстан облысында сол ұйымдардың бірінің бөлімшесін ұйымдастырып, ауылшаруашылығында зиянкестік әрекеттер жасады. 3.1933 жылы ұйымның орталық басшылық құрамына кірді және Қазақстандағы кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтерілісті ұйымдастырушылардың басшыларының бірі болды. 4.Антисоветтік ұлтшыл ұйымдардың басшылары қатысқан бірнеше жиналысқа қатысып, террористік әрекеттерге байланысты мәселелерді талқылауға қатысты. 5.Көтерілісті ұйымдастыратын мамандарды ұйымдастыруда үлкен жұмысты жүргізді және Қазақстанның аудандарында бірнеше көтеріліс ошақтарды құрды. 6.Жеке өзі антисоветтік ұйымға бернеше адамдарды тартты. 7.Ауыл шаруашылығы саласында белсенді бүлікшіл антисоветтік жұмыстарды жүргізді» [22].

Заңдылық тәртіпті қадағалаушы органның өкілі 1-дәрежелі әскери заңгер Соколов айыптау қортындысы шыққан күні-ақ іспен танысып, мынадай қаулы шығарады:

Қаулы

Мен, Қазақ НКВД шекара және ішкі әскерлерінің әскери прокуроры, 1-дәрежелі әскери заңгер Соколов, осы істі қарап,

Анықтадым:

Қазақ КСР НКВД антисоветтік, кеңес өкіметін құлатуды және Қазақ КСР-ін КСРО-ден бөліп алып, Жапония протекторатындағы буржуазиялық мемлекет құруды мақсат еткен ұлтшыл ұйымды әшкерлеп, жойды.

Бұл ұйым, кеңес халқына қарсы троцистік және оңшыл элементтермен байланыс жасап, ауыл шаруашылығы саласында зиянды жұмыс жүргізіп, көтеріліс ұйымдастыру және террористік актілер дайындаған. Кеңес өкіметі мен БК(б)П-ға қарсы үгіт-насихат таратқан, сондай-ақ Жапонияның барлау орындарымен байланыста болған.

Тергеу кезінде анықталғандай, Сырғабеков Нығметулла осы ұйымның белсенді мүшесі болған, ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыстарда басшылық қызмет атқарып, ұжымдастыруға қарсы үгіт жүргізген, бай-кулактарды қолдап, олардың мүддесін қорғаған. Іс бойынша қылмыстық істер кодексінің 221-бабына сәйкес жасалып, қылмыстық әрекеті айқандалды.



Қаулы етемін:

1. Сырғабеков Нығметулланы РКФСР қалмыстық кодексінің 58-бабының 2, 7, 8 және 11 – тармақтары бойынша КСРО Жоғарғы сотының әскери алқасына сотқа беру.
2. Істі НКВД арқылы КСРО Жоғарғы сотының әскери алқасына жолдау[23].

1938 жылы 25 ақпанда істің ақ-қарасын анықтап жатудан алыс, Сталиндік тоталитарлық жүйенің жан алғыш қасапшысы ретінде танылған КСРО әскери алқасының жоғарғы соты РКФСР қалмыстық кодексінің 58-бабының 2,7,8 және 11 тармақтары бойынша Нығмет Сырғабекұлына айып таға отырып, істі қорғаушысыз, айыптаушысыз және куәларсыз қарап, ату жазасына кесу туралы шешім шығарады. Барша жан дүниесімен Кеңестік билікке сенген және сол Кеңестік жүйеге адал қызмет еткен тұлға сол кеңестік жүйенің нақақтан жабылған жаласының құрбаны болып кете барды.

Қорытынды

1956 жылы өткен партиялық XX съезінен кейін басталған жазықсыз қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі үлкен саяси дүмпуден кейін, қайраткердің асыл жары Бақшилова Бибіжамал апамыздың 1956 жылы 30 шілде күні Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің алқасына және тағы да басқа жоғары органдарға күйеуін ақтау жөніндегі шағым арыздарынан кейін қайраткер тұлғаның ісін қайта қарау жөніндегі жұмыстар басталды. 1957 жылы қазан айында Нығмет Сырғабекұлының ісін қараған әскери прокурор, Әділет полковнигі Лукьянов, қайраткерге тағылған айыптаулардың заңдық тұрғыдан әділеттілігін қарастыра отырып, қайраткермен бірге қызметтес болған куәлердің жауаптарын есепке ала келе Нығмет Сырғабекұлына тағылған «ауыл шаруашылығында кеңес өкіметіне қарсы ірі зиянкестік әрекеттер жүргізді» деген және басқада айыптаулардың ешқандай да шындыққа сәйкес келмейтіндігін анықтап, істе қылмыстың жоқтығына байланысты, бұрынғы айыптаулардың күшін жою жөнінде істі қайта қарауды КСРО Жоғарғы сотының әскери алқасының қарауына жібереді.

КСРО Жоғарғы әскери алқасының соты 1958 жылы 13 ақпан күні өткен мәжілісінде бұрынғы Егін шаруашылығы халық комиссары Нығмет Сырғабекұлының ісін қарап, бас әскери прокурордың қортындысын негізге ала отырып, ашылған жаңа жағдайларға және құрамында қылмыстың жоқтығына байланысты Нығмет Сырғабекұлыға қатысты 1938 жылы 25 ақпандағы КСРО Жоғарғы әскери алқасының үкімін жою жөнінде шешім шығарады[24]. Осылайша, араға жылдар салып барып, қайраткер тұлғаның ардақты есімі ақталған болатын.

Нығмет Сырғабекұлының жанұясына тоқтала кететін болсақ, қайраткердің жары Бақшилова Бибіжамал апамыз күйеуі сотталып кеткеннен кейін «Халық жауының» жары ретінде айыпталып сотталады. Жазасын 1938-1946 жылдары аралығында Ақмола облысындағы №26 лагерде (халық арасында АЛЖИР аталып кеткен) өтейді. Артында қалған Нариман, Роза, Екпін атты перзенттерін Бибіжамал апамыз өзінің сіңлілерінің қарауына жіберіп, аман алып қалады. Перзенттерінің кенжесі Екпін ол кезде 3 жаста болған. Бибіжамал апамыз сотталып кеткеннен кейін, олардың перзенттерін балалар үйіне жібергенде, олардың күндерінің не болатынын ойлаудың өзі қиын. Өйткені бұл балалар үйі деп аталған түрме іспеттес үйлерде «Халық жауының» балаларына қандай көзқарас болғаны белгілі. Бибіжамал апамыз жаза мерзімін өтеп, шыққаннан кейін жазықсыз сотталған күйеуі Нығмет Сырғабекұлын ақтау және оның сотталып кеткеннен кейінгі тағдыры не болғанын білу мақсатында ҚазақКСР ішкі істер министрлігіне, КСРО әскери трибуналына арызданып көп ізденеді. Тоталитарлық жүйенің НКВД-КГБ, прокуратура, сот сынды бірлескен қандықол жүйелері өздерінің қылмыстарын жасыру үшін Бибіжамал апамызға 1956 жылы шілде айында Нығмет



Сырғабеков 1943 жылы 13 шілдеде мерзімін өтеу кезінде қайтыс болды деген қолдан жасалған жалған құжат берген. Соңғы жылдарға дейін осы құжатқа сүйенген Нығмет Сырғабекұлының ұрпақтары шынайы шындыққа көз жеткізе алмай келді.

Қайраткер Нығмет Сырғабекұлының жеке тұлғасы қарама-қайшылықты. Оның қоғамдық саяси қызметі XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы елімізде болған күрделі тарихи оқиғалармен қабаттаса өрбіді. Қайраткердің жеке тұлғалық өмірінде жетістіктермен қатар кемшіліктер болғанын да атап өтуге тиістіміз! Әсіресе, Қазақ халқына үлкен қайғы-қасірет әкелген Сталиндік-Голощекиндік тоталитарлық жүйенің ұжымдастыру саясаты мен ұлт қайраткерлеріне қарсы жүргізілген қуғын-сүргін кезеңіндегі таптық күресті ту етіп, әкімшіл-әміршіл жүйені қолдаушылардың бірі болғанын өкінішпен айтамыз! Бастысы қайраткер тұлғаның өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметін қарастыра отырып, объективті түрді оқырман қауымға жеткізу болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Алматы қалалық полиция департаментінің архиві. Сырғабеков Н.С. айыптау бойынша. №11020 тергеу ісі, арх 05694, 1 т, 177-179 пп.
- [2] Джунусов М., Утепов Ш. Нигмет Сырғабеков (Партийный и государственный деятель). Алма-Ата, Казахстан, 1975. – 59 с.
- [3] Озғанбай Ө. Халық комиссары. Нарком. Алматы: Нұрлы әлем, 2006.– 336 б.
- [4] Иманбекова Б. Қайшылықты кезең қайраткері. Алматы: «Қыздар университет» баспасы, 2017. – 206 б.
- [5] ҚРПА. 139-қ, 1-т, 357-іс, 12 п.
- [6] ҚРПА. 141-қ, 17-т, 837-іс, 2 п.
- [7] ҚРПА. 141-қ, 17-т, 837-іс, 5 п.
- [8] ҚРПА. 141-қ, 1-т, 12^а-іс, 2-3, 130 пп.
- [9] ҚРПА. 141-қ, 17-т, 837-іс, 4 п.
- [10] ҚРПА. 141-қ, 17-т, 837-іс, 7 п.
- [11] ҚРПА. 141-қ, 1-т, 38-іс, 220 п.
- [12] ҚРПА. 141-қ, 1-т, 2409-іс, 75-82 пп.
- [13] ҚРПА. 141-қ, 16-т, 2342-іс, 173-174 пп.
- [14] ҚРПА. 141-қ, 1-т, 2409-іс, 69 п.
- [15] Сырғабеков Н. Ұлтшылдық, Сәдуақасовшылдықпен күрес солғындамасын. Еңбекші қазақ. -1929. – 16 қыркүйек
- [16] Народный комиссариат земледелия КАССР / Под.ред. С.П.Швецова. М. 1926. – 200 с.
- [17] ҚРПА. 141-қ, 17-т, 837-іс, 13 п.
- [18] Сырғабеков Н. Ауыл шаруашылығы жөніндегі байшылдық қисындар мен зиянкестікке қарсы. Қазақстан большевигі. -1931. - №5. – 4-8 беттер
- [19] Сырғабеков Н. Жерге орналасу және отырықшылыққа айналу туралы. Қызылорда, 1930. – 23 б.
- [20] Камерон С. Аштық жайлаған дала. Алматы, 2020. – 304 б.
- [21] Алматы қалалық полиция департаментінің архиві. Сырғабеков Н.С. айыптау бойынша. №11020 тергеу ісі, арх 05694, 1 т, 176 п.
- [22] Алматы қалалық полиция департаментінің архиві. Сырғабеков Н.С. айыптау бойынша. №11020 тергеу ісі, арх 05694, 2 т, 163-164 пп.
- [23] Алматы қалалық полиция департаментінің архиві. Сырғабеков Н.С. айыптау бойынша. №11020 тергеу ісі, арх 05694, 2 т, 165 п.



[24] Алматы қалалық полиция департаментінің архиві. Сырғабеков Н.С. айыптау бойынша. №11020 тергеу ісі, арх 05694, 2 т, 305-306 pp.

REFERENCE

- [1] Almaty qalalyq polisia departamentiniń arhivı. Syrǵabekov N.S. aiyptau boiynsha [Archive of the Almaty City Police Department. Syrgabekov N. S. on charges]. №11020 tergeu ısı, arh 05694, 1 t, 177-179 pp. [In Kazakh].
- [2] Junusov M., Utepov Ş. Nigmat Syrgabekov (Partinyi i gosudarstvvennyi deiatel) [Nigmat Syrgabekov (Party and government official)]. Alma-Ata, Kazakhstan, 1975. – 59 s. [In Russian].
- [3] Ozǵanbai Ö. Halyq komisary. Narkom [People's Commissar]. Almaty: Nürly älem, 2006.– 336 b. [In Kazakh].
- [4] İmanbekova B. Qaişylyqty kezeń qairatkerı [Controversial period figure]. Almaty: «Qyzdar universitet» baspasy, 2017. – 206 b. [In Kazakh].
- [5] QRPA. 139-q, 1-t, 357-ıs, 12 p.
- [6] QRPA. 141-q, 17-t, 837-ıs, 2 p.
- [7] QRPA. 141-q, 17-t, 837-ıs, 5 p.
- [8] QRPA. 141-q, 1-t, 12a-ıs, 2-3, 130 pp.
- [9] QRPA. 141-q, 17-t, 837-ıs, 4 p.
- [10] QRPA. 141-q, 17-t, 837-ıs, 7 p.
- [11] QRPA. 141-q, 1-t, 38-ıs, 220 p.
- [12] QRPA. 141-q, 1-t, 2409-ıs, 75-82 pp.
- [13] QRPA. 141-q, 16-t, 2342-ıs, 173-174 pp.
- [14] QRPA. 141-q, 1-t, 2409-ıs, 69 p.
- [15] Syrǵabekov N. Ūltşyldyq, Saduaqasovşyldyqpen küres solǵyndamasyn [Let the fight against nationalism and Sadvakasov Sim not fade]. Eñbekşı qazaq. -1929. – 16 qyrküiek [In Kazakh].
- [16] Narodnyi komisariat zemledelia KASSR [People's Commissariat of Agriculture of the KASSR]. Pod.red. S.P.Şvesova. M. 1926. – 200 s. [In Russian].
- [17] QRPA. 141-q, 17-t, 837-ıs, 13 p.
- [18] Syrǵabekov N. Auyl şaruashylyǵy jöindeǵı baişyldyq qisyn dar men ziankestikke qarsy [Agricultural wealth and pest control]. Qazaqstan bölşevigı. -1931. - №5. – 4-8 better [In Kazakh].
- [19] Syrǵabekov N. Jerge ornalası jäne otyryqşylyqqa ainalu turaly [On settling and becoming a settler]. Qyzylorda, 1930. – 23 b. [In Kazakh].
- [20] Kameron S. Aştyq jailaǵan dala [The hungry steppe]. Almaty , 2020. – 304 b. [In Kazakh].
- [21] Almaty qalalyq polisia departamentiniń arhivı. Syrǵabekov N.S. aiyptau boiynsha. №11020 tergeu ısı, arh 05694, 1 t, 176 p. [In Kazakh].
- [22] Almaty qalalyq polisia departamentiniń arhivı. Syrǵabekov N.S. aiyptau boiynsha. №11020 tergeu ısı, arh 05694, 2 t, 163-164 pp. [In Kazakh].
- [23] Almaty qalalyq polisia departamentiniń arhivı. Syrǵabekov N.S. aiyptau boiynsha. №11020 tergeu ısı, arh 05694, 2 t, 165 p. [In Kazakh].
- [24] Almaty qalalyq polisia departamentiniń arhivı. Syrǵabekov N.S. aiyptau boiynsha. №11020 tergeu ısı, arh 05694, 2 t, 305-306 pp. [In Kazakh].



Салкынбек Д.И., Шуланбекова Г.К., Кабдушев Б.Ж.
**О ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НЫГМЕТА
СЫРГАБЕКОВА**

Аннотация. В статье рассматривается общественно-политическая деятельность деятеля Ныгмета Сыргабекова, который в период установления советской власти в Казахстане, исходя из своего социального происхождения, поддержал новую власть и сыграл значительную роль в её укреплении и развитии. Важным этапом его деятельности стала работа в Народном комиссариате юстиции, где он занимал различные ответственные должности и внёс весомый вклад в становление и активизацию деятельности правовых органов советской системы. Он занимал пост заместителя председателя Ақмолинского губернского суда, председателя Жетысуского губернского суда, а в 1929 году стал председателем Казахской секции Верховного суда РСФСР.

Однако общественно-политическая деятельность Ныгмета Сыргабекова была неоднозначной. С приходом Ф. Голощекина к руководству Казахским краевым комитетом партии и проводимой им политикой изменились и политические взгляды Сыргабекова. Он стал одним из казахских деятелей, поддержавших гонения на национальную интеллигенцию, коллективизацию в сельском хозяйстве и кампании по массовому переходу к оседлому образу жизни. Основной целью исследования является объективная оценка общественно-политической деятельности Ныгмета Сыргабекова в этот противоречивый период, без одностороннего подхода.

Ключевые слова: Народный комиссариат юстиции, деятель, Верховный суд, нарком, оседлость, политические репрессии.

Salkynbek D.I., Shulanbekova G.K., Kabdushev B.Zh.
ON THE SOCIO-POLITICAL ACTIVITIES OF NYGHMET SYRGABEKOV

Annotation. This article examines the socio-political activities of the public figure Nyghmet Syrgabekov, who, during the establishment of Soviet power in Kazakhstan, supported the new government based on his social origin and played a significant role in its consolidation and development. An important stage of his activity was his work in the People's Commissariat of Justice, where he held various responsible positions and made a substantial contribution to the formation and activation of the legal bodies of the Soviet system. He served as Deputy Chairman of the Akmolinsk Provincial Court, Chairman of the Zhetysu Provincial Court, and in 1929 became Chairman of the Kazakh Section of the Supreme Court of the RSFSR.

However, Syrgabekov's socio-political activity was not unambiguous. With the arrival of F. Goloshchyokin as head of the Kazakh Regional Committee of the Party and the implementation of his policies, Syrgabekov's political views changed. He became one of the Kazakh figures who supported the persecution of the national intelligentsia, collectivization in agriculture, and the campaigns for the mass transition to a sedentary lifestyle.

The main goal of this study is to provide an objective assessment of Nyghmet Syrgabekov's socio-political activities during this controversial period, avoiding a one-sided approach.

Keywords: People's Commissariat of Justice, public figure, Supreme Court, commissar, sedentarization, political repressions.